

ҚР ІІМ ТЖК Астана қаласы Тотенше жағдайлар департаментімен (бұдан әрі - Департамент) азаматтық қорғау органдары жүйесінде оз қызметі шеңберінде тәртіптілік, заңдылық және сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимылды нығайту бойынша қажетті ұйымдастырушылық және практикалық шаралар барынша қолданады.

Ішкі істер министрінің 2016 жылдың 25 қаңтарындағы № 64 бұйрығымен бекітілген 2016-2017 жылдарға арналған ІІО-да сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, Департаментпен тұрақты түрде профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі, азаматтық қорғау бөлімшелерінің қызметі жарияланады, халыққа заңгерлік көмек қорсетіледі.

Кәсіби даярлық шеңберінде қызметкерлердің құқықтық және сыбайлас жемкорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тақырыптық сабақтарға ерекше назар аударылады, кейіннен сынақтар қабылданады.

Мысалға, Департаменттің және құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандарттарды білуі бойынша сынақ қабылданды, бұдан басқа аталған стандарттарды сақтау жөніндегі лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру мақсатында әр қызметкермен осы талаптарды сақтау бойынша міндеттерге қол қойылып, олардың жеке істеріне тігілді.

2016 жылдың мамыр айында «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы профилактикалық шаралар» тақырыбы бойынша жиналыс өтті. Жиынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша Департаментінің Сыбайлас жемкорлыққа қарсы ағарту және қоғаммен өзара ықпалдастық бөлімінің кеңесшісі Д.И. Раимбаев, Астана қаласы Прокуратурасының Әлеуметтік-экономикалық саласының заңдылығына қадағалау жөніндегі басқармасы прокурорының 1-сыныпты заңгері Е.Н. Сәрсенов және «Нұр Отан» ХДП Астана қалалық филиалының ұйымдастырушылық-бақылау жұмысы бөлімінің инспекторы С.Н. Құлбаев шақырылды. Жиналысқа Департамент пен «ОС және АҚЖК» ММ қызметкерлері қатысты.

25 маусымда Департамент пен Орт сондіру қызметінің қызметкерлері «Развитие» бизнес-білім орталығымен өткізілген семинарға қатысып, «Қазақстан Республикасында

сыбайлас жемкорлықка карсы іс-қимылдың өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша курс тындалымынан өтті. Семинар барысында сыбайлас жемкорлықка карсы іс-қимыл сұрақтары жіті қарастырылды, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемкорлықка карсы мемлекеттік стратегиясының негізгі бағыттары талқыланды.

2016 жылдың маусымында Департамент пен Орт сондіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің қызметкерлеріне «Нұр Отан» ХДП Астана қалалық филиалы заңгерінің көмекшісі Н.Ж. Балабековпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында сыбайлас жемкорлықка карсы іс-қимылдың өзекті мәселелері және сыбайлас жемкорлықка карсы заңнаманы жетілдіру бойынша партияның ұсыныстары талқыланды. Сонымен қатар, «Сыбайлас жемкорлық заңнамасындағы өзгерістерге есепке ала отырып, сыбайлас жемкорлық қоріністерінің профилактикасы» тақырыбы бойынша донгелек үстел өткізілді. Баяндамашылар ретінде «ОС және АҚЖК» ММ кадр жұмысы бөлімінің бастығы азаматтық қорғау подполковнигі Б.Ж.Қожақеев, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемкорлықка карсы іс-қимыл департаментінің ағарту бөлімінің кеңесшісі Д.И.Раимбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті өзіндік қауіпсіздік тобының аса маңызды істер бойынша аға уәдел уәкілі полиция подполковнигі Р.И. Токболатов, Астана қаласы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік көмек қорсету және бөлімінің бас маманы З.Х. Жақиянова сөз сөйледі.

Жыл басынан бері құқықтық жаппай оқыту және сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтарының алдын-алу бойынша 100-ге жуық іс-шаралар өткізілді, оның ішінде: сыбайлас жемкорлық профилактикасы бойынша дәрістер мен семинарлар - 10, жемкорлық профилактикасына бағытталған құқықтық жаппай оқыту бойынша жиын-кеңес – 12, БАҚ-да жарияланымдар – 35, радиода сөз сөйлеу – 27, бейнеролик қорсету -2, «Нұр Отан» партиясының өкілдерімен кездесу – 2. Барлық материалдарда тәуліктік кезекшілік жүргізілетін БҚДҚБ-да орналасқан Астана қаласы ТЖД сенім телефоны 70-17-22 және Астана қаласы ІІД Өзіндік қауіпсіздік басқармасының телефоны 71-61-92 қорсетілген.

Кәсіби даярлық сабақтарында ішкі істер органдары қызметкерлерімен жіберілген қызметтік тәртіп пен заңдылықты бұзу салдарлары жеткізілді

Жеке құрамға құқық қорғау органдары қызметкерлері жол берген сыбайлас жемкорлық қылмыстары туралы ақпарат, жеке құраммен байланысты төтенше жағдайлар туралы ақпарат жеткізілді.

Бос орындарга орналасу бойынша конкурстарды откізу кезінде барлык үміткерлермен мемлекеттік кызметпен катар педагогикалык, ғылыми және шығармашылык кызметтерден баска акылы толенетін баска жұмыс істеуге тыйым салынатыны туралы өнгіме жүргізілді. Өр кызметкерге Мемлекеттік кызметшілердін әдеп кодексінін нормалары түсіндірілді. Откен кезен бойынша жұмыска кабылданган 211 кызметкер камтылды.

Департаменттін интернет-ресурсында сыбайлас жемкорлықка карсы күрылган арнайы болімдерде азаматтык коргау органдары саласында сыбайлас жемкорлықка карсы кабылданып жаткан іс-шаралар туралы есептер орналастырылады.

Бір уакытта, ведомствонын ресми сайты аркылы Департамен кызметкердерінін күзыреті мен міндеттері туралы халыкты акпараттандыру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бүдан баска, Мемлекеттік кызмет істері мен сыбайлас жемкорлықка карсы іс-кимыл агенттігінін байланыс телефондары корсетілген.

Бұл багыттагы жұмыстар жалгасуда.